

## Ұлы дала ұрпағы

*Ата-бабам ғұмыр кешкен даланың,  
Қойнауында туып өскен баламын.  
Талай ғасыр сандығында сақталған  
Тарихымнан ізгілікті табамын*

*Мына бір жол, ата-бабам жүрген жол,  
Содан қалған анау орман, өзен, көл,  
Жасыл жазық, таулары мен қыраты  
Ойпаты мен құрғап жатқан әрбір шөл.*

*Бұл далада қанша күлкі тиылды,  
Қанша көз жас бір арнаға жиылды.  
Өң-бойында жарқын бейне тұрғанмен  
Байқамассын зулап жатқан құйынды.*

*Дархан далам, сенен кімдер өтпеді?  
Небір жандар жүріп өтті өлкені.  
Бірі ізгі, адал, таза ниетпен  
Бірі пасық, қиянатты көкседі.*

*Себебі сен арман болдын талайға,  
Бар көркіңді паш етумен маңайға.  
Орыс, жоңғар, тағы сынды жауларың  
Мына сені алмақ болды қалайда.*

*Сол сәттерде саған қорған табылды,  
Пасық жандар пайдасынан қағылды.  
Қайдан далам сені тартып алады  
Батыр барда үзіп алар жаныңды.*

*Ер жүректер, елін сүйген өрендер,  
Жері үшін жанын қиып бергендер.  
Туған дала топырағын таптатпай  
Азап шегіп, қиыншылық көргендер.*

*Уақыт өте, артқа тастап сан жылды,  
Бастан кешіп қиыншылық сан түрлі.  
Ел алдында борыштарын өтеумен  
Сол даланы жас ұрпаққа қалдырды.*

*Жаңа ғасыр-тыныш өмір айғағы  
Ғажап өмір, жарқын көңіл жайдары.  
Бабаларым мұра еткен даланы  
Әрқайсысы дәл жанынан табады.*

*Ұлы дала мен де сенің балаңмын,  
Саған жыр мен өлең жолын арнадым.  
Сен мен үшін ғажайыптың бірісін  
Ешбіріне тең келмейтін ғаламның!*